

**М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармония
ұжымының жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 1**

26.03.2024 жыл

Ақтау қаласы

Төраға:

Д. Сағынғалиұлы - М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының директоры

Қатысқандар: барлық филармония қызметкерлері

Хатшы: Ж.Мужиева

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының нормаларын түсіндіру.

Тыңдалды:

Комплаенс бойынша жауапты Ә.Көшкінбаева: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының нормаларын филармония қызметкерлеріне таныстырды. Заңға сәйкес қызметкерлердің міндеттері мен жауапкершіліктері туралы айтылды. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларына 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" (бұдан әрі - "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы") енгізілгендігін және білу керектігін айтып түсіндірді.

Филармония директоры Д. Сағынғалиұлы: Қазіргі күнделікті өмірде және қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің басты маңыздылығы екендігін, аулақ жүру екендігін айта отырып, ойларын ортаға салды.

Филармония қызметкерлері жиналыс барысында қоғам дамуына тежеу салатын жемқорлық, парақорлық, сыбайластық т.б теріс әдеттерге қарсы күресу әркімнің азаматтық парызы екендігін ескерте отырып, шығармашылықпен, әрбір азаматты адал еңбек етуге шақырды.

ШЕШІМ:

1. «М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК

әкімшілігі мен қызметкерлері күнделікті қызметтерінде Қазақстан Республикасыны «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының нормаларын қатаң сақтауға міндеттеледі.

2.Ұжымда аталған заңның орындалысын бақылап, қадағалау үшін жұмыс тобына жоспарға сәйкес жұмыс істеу тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы
Жиналыс хатшысы



Д.Сағынғалиұлы
Ж.Мужиева

**М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармония
ұжымының жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 2**

23.05.2024 жыл

Ақтау қаласы

Төраға:

Д. Сағынғалиұлы - М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының директоры

Қатысқандар: барлық филармония қызметкерлері

Хатшы: Ж.Мужиева

Күн тәртібінде:

**«М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатын түсіндіру.**

Тыңдалды:

Комплаенс бойынша жауапты Ә.Көшкінбаева: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының аясында жасақталған «М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатымен жиналысқа қатысушыларды таныстырды. Осыған сәйкес қызметкерлердің міндеттері мен жауапкершіліктері туралы айтылды.

Филармония директоры Д. Сағынғалиұлы: Кәсіпорын қызметі барысында әкімшілік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу және жол бермеу мақсатында алынып жатқан шаралар туралы баяндады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметтері тарапынан жасалып отырған бақылау мен көрсетіліп отырған құқықтық кеңестердің маңыздылығына тоқталды.

ШЕШІМ:

1. «М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК әкімшілігі мен қызметкерлері күнделікті қызметтерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатын іске асыруға белсене қатысуға міндеттелсін.

2. Жұмысшы тобы кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

саясатының орындалысы туралы жылына 2 рет есеп беруге міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы
Жиналыс хатшысы



Д.Сағынғалиұлы
Ж.Мужиева